

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы

### *Күшіні жойған*

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 13 қаңтардағы N 1872-ХІІ Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 16 қаңтардағы № 70-V Заңымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 2013.01.16 № 70-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша сөздер өзгерді - ҚР 2002.07.10 N 338 Заңымен.

## БІРІНШІ ТАРАУ

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы қазіргі шекарасында тұтас, оған қол сұғылмайды және бөлінбейді.

Осы Заң Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғаудың құқылық негіздерін белгілейді және баянды етеді.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.07.15. N 31-1 Заңымен.

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы

Қазақстан Республикасының шекарасы дегеніміз Қазақстан аумағының шегін - құрлығын, суын, жер қойнауын және әуе кеңістігі айқындайтын сызық және осы сызық бойынша тігінен өтетін жазықтық.

Мемлекеттік шекара Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен белгіленеді және өзгертіледі.

Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.07.15. N 31-1, 2002.07.10. N 338, 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### 2-бап. Қазақстан Республикасының шекара саясаты

Қазақстан Республикасы аумақтық тұтастықтың және Мемлекеттік шекараға қол сұғылмайтындығының халықаралық принциптерін негізге ала отырып:

Мемлекеттік шекараны Қазақстан Республикасы егеменді құқықтарының бүкіл билігіне ие болатын аумақтық (құрғақ, су, жер қойнауы, әуе кеңістігінің) заң жүзінде баянды етілген кеңістігі шегін анықтайтын сызық ретінде қарастырады;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын белгілеген және оның өтуін өзгерткен, Қазақстан Республикасының шекарадағы шектес мемлекеттермен құқылық қатынастар орнатқан және қолдап отырған, Қазақстан шекаралық аудандарындағы (су айдындарындағы) және Қазақстан аумағынан өтетін халықаралық жолдардағы құқық қатынастарын реттеген кезде Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсаттарын, шектес мемлекеттермен өзара тиімді жан-жақты ынтымақтастық мүдделерін, шекара мәселелерін бейбіт, күш қолданбай шешу принциптерін басшылыққа алады.

**Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338, 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **3-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасы заңдары**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, Мемлекеттік шекараны белгілеу мен оның өтуін өзгерту және оның көрсетілу тәртібін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын белгілеу ретін және ұстау тәртібін, шекара тәртібі мен Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріндегі тәртіпті белгілейді, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету саласындағы қатынастарды реттейді. Ол заңдар осы Заңнан және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасы мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының соған сәйкес шығарылатын басқа да нормативтік құқықтық актілерінен құрылады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

**Ескерту. 3-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 338 Заңымен.**

### **4-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және қорғау**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қорғау мемлекеттік органдардың өз өкілеттіктері шегінде саяси, әскери, жедел-іздістіру, дипломатиялық, кедендік, экономикалық, экологиялық және өзге де шараларды қабылдау жөніндегі келісілген іс-қимылынан тұрады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғаудың құрамдас бөлігі ретінде күзету ұлттық мүддені іске асыруға кедергі келтіретін немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында оларға қауіп төндіретін жағдайларды, процестер мен факторларды ашу және олардың алдын алу жөніндегі тұрақты сипаттағы құқықтық, ұйымдық, әскери, жедел-іздістіру, кедендік, техникалық, ақпараттық шараларды жүзеге асырудан тұрады.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өз өкілеттіктері шегінде мемлекеттік органдарға жүктеледі.

Қазақстан Республикасының құрлықтағы, теңіздегі, өзендердегі ( бұлақтардағы) және өзге де су қоймаларындағы, сондай-ақ континенттік қайраңындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының режимі туралы халықаралық шарттарды және шекара мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасын барлық жеке және заңды тұлғалардың, соның ішінде шетелдік тұлғалардың сақтауын шекара кеңістігінде бақылау жолымен жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне жүктеледі.

Әуе кеңістігінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және қорғау Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштеріне жүктеледі.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуге және қорғауға Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өз құқықтары шеңберінде азаматтар мен мемлекеттік емес ұйымдар қатыса алады.

**Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **4-1-бап. Қазақстан Республикасының шекара кеңістігі және оны бақылау**

1. Қазақстан Республикасының шекара кеңістігі - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара сызығы және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара сызығынан шекаралық аймақтың немесе шекаралық белдеудің сыртқы шегіне дейінгі жер белдеуі, ал ол белгіленбесе - әкімшілік-аумақтық бірліктің сыртқы шегіне дейінгі жер өңірі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі), ішкі сулары, континенттік қайраңы және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің аумағы.

2. Шекара кеңістігіндегі бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзу белгілері мен шекара кеңістігіндегі белгіленген ережелерді бұзушыларды анықтау жөніндегі мемлекеттік шаралар жүйесін білдіреді.

3. Шекара кеңістігіндегі бақылауды Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен уәкілеттік берілген басқа да мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

**Ескерту. 4-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.12.19 . N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАСЫН БЕЛГІЛЕУ, ӨТЕТІН ЖЕРЛЕРІН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ КӨРСЕТУ**

### **5-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын белгілеу және өзгерту**

Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмеген болса, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы:

құрғақта - жер бедерінің сипатты нүктелері мен сызықтары немесе анық көрінетін бағдарлар бойынша;

теңізде - Қазақстан Республикасының аумақтық теңізінің сыртқы шегі бойынша;

өзендерде (бұлақтарда) - олардың орта тұсы бойынша немесе өзінің негізгі аңғарының орта тұсы бойынша; өзге де су қоймаларында - Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасының су қоймасының жағасына шығатын тұсын біріктіретін тура сызық бойынша белгіленеді.

Қазақстан Республикасының өзен (бұлақ) өзге де су қоймасы бойынша өтетін мемлекеттік шекарасы олардың жағаларының сипаты немесе су деңгейі өзгергенде де, өзен (бұлақ) аңғары белгілі бір жаққа ауытқыған жағдайда да өзгертілмейді;

су тараптарының су қоймаларында және басқа жасанды су қоймаларында - олар толтырылғанға дейінгі жерден өтетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына сәйкес;

темір жол және автомобиль жолдары көпірлерінде өзендердің (бұлақтардың) шекаралық учаскелері арқылы өтетін бөгеттер мен басқа ғимараттарда - Қазақстан Республикасының су бойынша Мемлекеттік шекарасының өтуіне қарамастан, әлгі ғимараттардың орта тұсы бойынша немесе олардың технологиялық ортасы бойынша белгіленеді.

Қазақстан Республикасының иелігіндегі аумақтық суларға (теңізге) Қазақстан Республикасына тиесілі құрлықта да, аралдарда да судың ең көп қайтатын жиегінен немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес анықталатын тиісті географиялық нүктелерді қосатын бастапқы түзу сызықтан есептелетін ені он екі теңіз милі болатын жағалық теңіз сулары жатады.

Қазақстан Республикасының шектес мемлекеттермен аумақтық сулар (теңіз) шекаралары олармен жасалған халықаралық шарттар арқылы белгіленеді.

Қазақстан Республикасының континенттік қайраңына Қазақстан Республикасы аумақтық суларының (теңіздің) сыртқы шегінен оның орта сызығына дейінгі Каспий теңізінің беті және оның түбінің қойнауы жатады.

Қазақстан Республикасы континенттік қайраңының шекаралары халықаралық шарттармен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының ішкі суларына мыналар жатады:

Қазақстан Республикасы порттарының гидротехникалық және басқа ғимараттарының теңіз жаққа қарай неғұрлым қашық орналасқан нүктесі арқылы өтетін сызықпен шектелген порт сулары;

жағалауы Қазақстан Республикасының иелігіндегі өзендер мен өзге де су қоймаларының сулары;

Каспий теңізінің Қазақстан Республикасына тиесілі шығанақтарының, бухталарының, құйылыстарының, жайылмаларының сулары, олардың тізбесін халықаралық құқық нормаларына және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

Қазақстан Республикасының жерге (су бетінде) қарап Қазақстанның халықаралық шарттары негізінде шекараны редемаркациялау ретінде жүргізілген Мемлекеттік шекарасының өтуін дәлелдей түсуі туралы құжаттар Қазақстан Республикасы Парламентінің бекітуіне жатады;

**Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.07.15. N 31-1, 2002.07.10. N 338, 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **6-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын көрсету**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын жеріне қарап белгілеу айқын көрінетін шекара белгілерімен көрсетіледі.

**Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАСЫНЫҢ ТӘРТІБІ**

## **7-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының режимі**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының режимі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өту, қазақстандық және шетелдік әскери емес кемелер мен әскери корабльдердің шекаралық өзендер мен өзге де су қоймаларының қазақстандық бөлігінде жүзу және тұру, олардың Қазақстан Республикасы аумақтық суларына (теңізге), сондай-ақ ішкі суларына кіру және тұру, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын ұстау, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында әртүрлі жұмыстарды, кәсіпшілік, зерттеу, іздестіру және өзге де қызметті жүргізу тәртібі болып табылады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының режимі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен айқындалады.

**Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338, 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **8-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын ұстау**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын ұстау Мемлекеттік шекараны демаркациялау туралы актілерге және оның жер бетінде өтуін айқындайтын басқа да құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленбеген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасын ұстау тәртібін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі белгілейді.

## **9-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өту**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы темір жол, автомобиль, теңіз, әуе қатынасы мен өзге де қатынас Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, кеден органдарының және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын басқа да органдардың бақылау-өткізу пункттері құрылады.

3. Әскери емес кемелер мен әскери корабльдер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтеді.

4. Әуе кемелері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес арнайы бөлінген ұшып кіретін (

ұшып шығатын) әуе дәліздері арқылы ұшып өтеді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан әуе дәліздерінен тыс ұшып өтуге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жол беріледі.

**Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338, өзгерту енгізілді - 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **10-бап. Әскери емес әуе (теңіз) кемелерінің ұшып шығуы (кетуі), келіп қонуы (кіруі)**

Қазақстандық және шетелдік әуе кемелерінің Қазақстан Республикасынан ұшып шығуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасына келіп қонуы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің бақылау-өткізу пункттері және кеден органдары бар әуежайларда (аэродромдарда) жүзеге асырылады. Әуе кемелерінің ұшып шығуы мен келіп қонуының өзге тәртібіне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жол беріледі.

Шетелдік әскери емес кемелер Қазақстан Республикасының мұндай кемелердің келуі үшін ашық рейділері мен порттарына келіп кіре алады. Шетелдік әскери емес кемелердің кіруіне ашық рейділер мен порттардың тізбесі, ондай порттарға кіру және оларда болу тәртібі - жүк және жолаушы операцияларын жүргізу, кемелердің жағалаумен хабарласу, кеме экипажы мүшелері болып табылмайтын адамдардың бару тәртібі, шетелдік әскери емес кемелердің Қазақстан Республикасының ішкі сулары мен порттарына, шекаралық өзендер мен өзге де су қоймалары суларының қазақстандық бөлігіне кіруіне және осы суларда болуына байланысты басқа да ережелер Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

Шетелдік әскери емес кемелер мен әскери корабльдер Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен ішкі суларында жүзген және болған кезінде радио байланысы, навигациялық, порт, кеден экологиялық, санитарлық ережелерді және өзге де ережелерді сақтауға міндетті. Шетелдік әскери емес кемелер мен әскери корабльдер Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізіне), ішкі суларына кіруге мәжбүр болған ретте немесе бұл суларда жүзу мен болу ережелерін сақтамауға мәжбүр болған ретте бұл жөнінде Қазақстан Республикасының ең таяудағы портының әкімшілігіне дереу хабарлауға міндетті.

Шетелдік ұшу аппараттарының, әскери емес кемелер мен әскери корабльдердің Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен ішкі суларындағы кез келген кәсіпшілік, зерттеу және іздестіру қызметіне тыйым салынады, бұған Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде жүзеге асырылатын қызмет реттері кірмейді.

Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен ішкі суларында Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының шешімімен қазақстандық және шетелдік әскери емес кемелер мен әскери корабльдердің жүзуіне және болуына уақытша тыйым салынатын аудандар белгіленуі мүмкін.

Мұндай аудандарды белгілеу туралы белгіленген тәртіппен хабарланады.

Мыналарға тыйым салынады:

шекара арқылы өткізу пункттері жоқ Қазақстан Республикасы порттарына шетелдік кемелер мен шетелде жүзетін қазақстандық кемелердің кіруіне, шетелдік және қазақстандық әуе кемелерінің Қазақстан әуежайларына (аэродромдарына) қонуына;

Қазақстан Республикасының Үкіметі халықаралық қатынас үшін ашпаған мұндай порттардан (әуежайлардан, аэродромдардан), шетелге бару үшін қазақстандық теңіз, өзен және әуе кемелерінің (корабльдерінің) шығуына (ұшып кетуіне); көлік құралдарының тоқтауына, өткізу пункттерінен тыс жерде адамдарды түсіруге, заттар мен хайуандарды түсіруге;

жүзетін құралдарды суға түсіруге, көлік құралдары бар ұшу аппараттарын аспанға көтеруге және оларды көлік құралдарына қабылдауға, құралдардың су асты жағдайында болуына, олардың Қазақстан жағалауына жақындап келуіне, шекара арқылы шекарадан өткізу пункттеріне бет алған кезде, және кері қайтқан жағдайда теңіз (өзен) кәсіпшілігін жүргізуге;

Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен тыйым салынған басқа да іс-қимылды жүзеге асыруға

Бұл ережелерде дүлей кесапаттар, апаттар мен авариялар кезінде кемелерді, корабльдерді мұз арасынан өткізу кезінде, сондай-ақ қауіп төнген немесе апатқа ұшыраған адамдарға, кемелерге, ұшу аппараттарына жәрдем көрсеткен кезде амалсыздан шекарадан өткен реттер кірмейді.

Қазақстандық және шетелдік әуе (теңіз) кемелері көзделмеген жерлерге амалсыз қонған (кірген) кезде шекаралық бақылауды - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары, ал кедендік бақылауды кеден органдары әуежайлардың (аэродромдардың), теңіз және өзен порттарының әкімшілігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің ең жақын шекаралық бақылау бөлімдері (бөлімшелері) мен Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарына хабарлай отырып, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

**Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.07.15. N 31-1 Заңымен.**

**Ескерту. 10-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 338 Заңымен.**



## **11-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтетін кездегі бақылау**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтетін кезде адамдар, көлік құралдары, жүктер мен тауарлар шекара, кеден және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген басқа да бақылау түрлерінен өткізілуге тиіс.

**Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 338 Заңымен.**

## **11-1-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі шекаралық бақылау**

Шекаралық бақылау:

Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасына кіруге (шығуға) құқық берудің заңды негіздерін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өтуге құқық беретін құжаттарды тексеру;

көлік құралдарын, жүктерді және тауарларды қарап тексеру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери, режимдік, жедел және әкімшілік әрекеттер жасау арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту. 11-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **12-бап. Адамдарды, көлік құралдарын, жүктерді және тауарларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өтетін адамдарды өткізуді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтуге құқық беретін құжаттар бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің шекаралық бақылау бөлімдері мен бөлімшелері жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасына келуі кезінде өткізу пунктіне келген және шекара арқылы өтуге негіздемесі жоқ адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілмейді және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес өздері келген елге немесе өзі азаматтығын алған елге кері қайтарылады.

Қазақстан Республикасынан кететін адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтуге құқық беретін құжаттары болған кезде шекара арқылы өткізілуге тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктіне келген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтуге құқық беретін құжаттары болмаса;

егер бұрын осы адамға қатысты Қазақстан Республикасының аумағынан әкімшілік шығарып жіберу шаралары қолданылса;

осы адамға қатысты Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарынан тиісті шектеулер болған жағдайларда, шекарадан өткізуден бас тартылады.

3. Көлік құралдарын, жүктерді және тауарларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізуді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен кеден органдары мен басқа да мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен бірлесе отырып жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес адамдарды, көлік құралдарын, жүктерді, тауарларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізудің өзге де тәртібі белгіленуі мүмкін.

**Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338, өзгерту енгізілді - 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**13-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру тәртібі**

Қазақстан азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында шаруашылық, кәсіпшілік, зерттеу, іздестіру және өзге де қызметті, соның ішінде бірлескен қызметті Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүргізеді және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында тиісінше тәртіп қамтамасыз етілетіндей етіп жүзеге асырады.

**Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338, 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**14-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы тәртібін бұзушылар**

Мыналар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасы тәртібін бұзушылар болып табылады:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын ұстану, Мемлекеттік шекарада түрлі жұмыстар, кәсіпшілік, зерттеу, іздестіру және өзге қызмет жүргізу тәртібін бұзған адамдар;

шекарада түрлі жұмыстар, кәсіпшілік, зерттеу, іздестіру және өзге қызмет жүргізген кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өту тәртібін бұзған, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы белгіленген тәртіпке жатпайтын қарым-қатынас жасаған адамдар;

Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында, шекаралық өзендер мен өзге де су қоймаларының қазақстандық бөлігінде жүзудің және тұрудың тәртібін бұзған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында түрлі жұмыстар, кәсіпшілік, зерттеу, іздестіру және өзге қызмет жүргізуші қазақстандық және шетелдік әскери емес кемелер мен әскери корабльдер;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында аэрофотосуретке түсірген және өзге қызмет атқарған кезде ұшу ережесі мен тәртібін бұзған Қазақстан Республикасының және шектес мемлекеттердің әуе кемелері мен басқа да ұшу аппараттары.

**Ескерту. 14-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338**

Заңымен.

### **15-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзушылар**

Мыналар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзушылар болып табылады:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінен тыс немесе өткізу пункттерінде солар арқылы, бірақ шекарадан өтудің белгіленген ережелерін кез келген әдіспен бұзып өткен немесе өтуге тырысқан адамдар;

Қазақстан Республикасынан заңсыз кету мақсатымен шетелдік және шетелге бара жатқан қазақстандық көлік құралдарына кірген немесе кіруге тырысқан адамдар;

Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) немесе ішкі суларына, сондай-ақ шекаралық өзендер мен өзге де су қоймалары суларының қазақстандық бөлігіне ондай суларға кірудің белгіленген ережелерін бұзып кірген шетелдік әскери емес кемелер мен әскери корабльдер. Шетелдік сүңгуір қайықтар және су астында жүзетін басқа да көлік құралдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан су астындағы жағдайда өткен ретте немесе Қазақстан Республикасының суларында жүзген және тұрған кезінде осындай жағдайда болған ретте олар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзушылар болып табылады;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан тиісті рұқсатсыз өткен немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы ұшып өтудің ережелерін басқаша бұзған әуе кемелері мен басқа да ұшу аппараттары.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын басқа да кез келген техникалық немесе өзге де құралдармен тиісті рұқсатсыз немесе белгіленген тәртіпті бұзып өту де оны бұзу болып табылады.

**Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338, 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **16-бап. Қазақстан Республикасының шекарадағы өкілдері**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының жағдайы туралы өзара ақпарат алмасу тәртібін сақтауға байланысты мәселелерді шешу үшін, сондай-ақ шекаралық жанжалдарды реттеу үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының белгілі бір учаскелеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің офицерлері қатарынан белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының шекарадағы өкілдері тағайындалады.

Қазақстан Республикасының шекарадағы өкілдері Қазақстан

Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын басшылыққа алады.

Шекарадағы өкілдер реттемеген мәселелер дипломатиялық арналар бойынша шешіледі.

**Ескерту. 16-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338 Заңымен.**

## **4. ШЕКАРАЛЫҚ ТӘРТІП**

#### **17-бап. Шекаралық аймақ және шекаралық өңір**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында тиісті тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі шекаралық аймақ және шекаралық өңір белгілейді.

**Ескерту. 4, 6, 9, 11, 13 және 17-баптарда сөздер алмастырылды - Қазақстан Республикасының 1996.07.15. N 31-1 Заңымен.**

#### **18-бап. Қазақстан Республикасының шекаралық тәртібі және аумақтық сулары (теңізі) мен континенттік қайраңының тәртіптері**

Шекаралық аймақ пен шекаралық өңірде, Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен континенттік қайраңында, азаматтардың келу, уақытша болу, тұру, жүріп-тұру тәртібін, жұмыстар жүргізу, пристаньдарда, айлақтарда, өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін кемелер мен мұз арқылы

жүруге арналған құралдар тоқтай тұратын пункттерде есеп жүргізу және ұстау, олардың Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен ішкі суларында жүзу және қозғалу тәртібін регламенттейтін шекаралық тәртіп, Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен континенттік қайраңының тәртібін белгіленеді.

Пристаньдарда, айлақтарда және тоқтайтын пункттерде өздігінен жүретін, өздігінен жүрмейтін кемелер мен құралдарды есепке алу мен ұстаудың, олардың Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен ішкі суларында, шекаралық өзендер мен басқа да су қоймалары суларының қазақстандық бөлігінде жүзуі мен қозғалуының осы баптың бірінші бөлігінде көзделген тәртібі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына іргелес жатқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағына да немесе шекаралық аймақ белгіленбеген Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі күзететін теңіз жағалауына да қолданылады.

Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) және континенттік қайраңында, шекаралық өзендер және өзге де су қоймалары суларының Қазақстанға қарайтын бөлігінде кәсіпшілік, зерттеу, іздестіру қызметтері мен өзге де қызметтер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы баптың үшінші бөлігінде аталған қызмет Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен континенттік қайраңында - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне хабарлай отырып, ал Қазақстан Республикасының ішкі суларында, шекаралық өзендер мен өзге де су қоймаларының Қазақстанға қарайтын бөлігінде олардың рұқсатымен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.07.15. N 31-1, 2002.07.10. N 338, 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **19-бап. Шекаралық аймақ пен шекаралық өңірге бару**

Егер басқа тәртіп белгіленбесе, шекаралық аймақта тұрақты тұрмайтын Қазақстан Республикасы азаматтарының ішкі істер органдарының рұқсатынсыз бұл аймаққа кіруіне тыйым салынады.

Қазақстан Республикасы шекаралық аудандарының тұрғындары үшін адамдардың шекаралық аймаққа, шекаралық өзендер мен басқа да су қоймаларының қазақстандық бөлігінде орналасқан аралдарға баруы (өтуі) жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша жүзеге асырылады.

Қызметтік іссапарларға, емделу мекемелеріне, демалыс үйлеріне, туристік базаларға баратын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар

шекаралық аймаққа жеке басын куәландыратын құжаттары болған жағдайда іссапар куәліктері мен жолдамалары бойынша бара алады. Сондай-ақ әскери қызметшілердің қызмет қағаздары, өту куәліктері, өту билеттері баруға құқық беретін құжаттар болып табылады, Парламент пен мәслихаттар депутаттары және сол аумақ қарауына жататын лауазымды адамдар - Парламент пен мәслихаттар депутатының куәліктері немесе қызмет куәліктері бойынша өтеді. Шекаралық аймаққа баруға, уақытша болуға, тұруға және жұмыстар жүргізуге рұқсатты Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі береді.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар шекаралық аймаққа, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары беретін өткізу қағаздары бойынша өтеді.

**Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.07.15. N 31-1 Заңымен, 2002.07.10. N 338 Заңымен, 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

**20-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына тікелей жақын жерде шаруашылық, кәсіпшілік, зерттеу, іздестіру және өзге де қызметті жүргізу, сондай-ақ бұқаралық қоғамдық-саяси, мәдени және басқа да іс-шараларды өткізу**

Мүдделі адамдар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен Мемлекеттік шекараға жақын жердегі құрлықта, теңізде, шекаралық өзендерде (бұлақтарда), континенттік қайранда, аумақтық суларда (теңізде) және ішкі суларда және өзге де су қоймаларында:

жерді, ормандарды пайдалануға, тау-кен істерін, геологиялық іздестірулерді жүргізуге байланысты шаруашылық және өзге де жұмыстарды;

су шаруашылығы құрылыстарын салу мен пайдалануға және су пайдаланудың басқа да түрлеріне байланысты жұмыстарды;

аң аулауды, балық аулауды, басқа да кәсіпшілік, зерттеу, іздестіру және өзге де қызметті;

елді мекендерден тыс жерде қоғамдық-саяси, мәдени және өзге де бұқаралық іс-шараларды өткізу орнын, уақытын, қатысушылардың санын келіседі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мұндай жұмыстардың немесе іс-шаралардың өткізілуін хабарлау тәртібін әзірлейді.

**Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**21-бап. Карантин өңірі**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы жұқпалы аурулардың таралуына жол бермеу мақсатында ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі эпидемиологиялық және эпизоотикалық жағдайға байланысты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының бойындағы жер өңірінде (карантин өңірінде) ұйымдар мен азаматтарға қарасты малды ұстауға және жаюға тыйым салуы мүмкін. Тікелей мемлекеттік шекара маңында тұратын (жұмыс істейтін) азаматтардың, сондай-ақ карантин өңірінде орналасқан Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі бөлімшелерінің малын (үй хайуанаттарын) ұстау мен бағу бұған кірмейді.

Карантин тәртібін енгізе отырып карантин аймағын белгілеу немесе оның күшін жою туралы шешімдерді:

1) екі немесе одан да көп облыстар аумағында - Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) облыс, аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында - облыстың жергілікті атқарушы органы қабылдайды.

Карантин белдеуінің ветеринарлық тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен айқындалады.

**Ескерту. 21-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338, 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2009.07.24. N 190-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

## **5. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАСЫ АРҚЫЛЫ ӨТКІЗУ ПУНКТТЕРІНДЕГІ ТӘРТІП**

### **22-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі тәртіп**

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мен кеден органдарының бақылау өткізу пункттерінің қызметіне жағдайлар жасау және оны қолдап отыру мүддесі үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде, осы пункттерде адамдар мен көлік құралдарының болуын және жүріп-тұруын, сондай-ақ адамдарды, көлік құралдарын, жүкті және тауарларды Мемлекеттік шекара арқылы өткізуге байланысты басқа да қызметті регламенттейтін тәртіп белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі өткізу пункттерінде бөгде адамдардың өтіп кетуіне жол бермеу және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтіп кетуіне тыйым салу мақсатында қосымша тәртіп ережелерін белгілейді.

Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338, 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **6. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ, СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨЗГЕ ДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІН РЕТТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ**

Ескерту. Тараудың тақырыбы өзгерді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

### **23-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауды және күзетуді қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлеп, іске асырады;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауды және күзетуді қамтамасыз ету саласындағы қызметіне басшылық жасайды;

3) негізгі геодезиялық деректерді көрсете отырып, аумақтық сулардың (теңіздің) сыртқы шегін айқындау үшін географиялық нүктелердің тізбесін бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шекара белгілерінің нысандары мен көлемін, олардың сипаттамасын және орнату тәртібін айқындайды;

5) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерін, олардың ашылу, жұмыс істеу және жабылу тәртібін бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде режим орнатады, шекаралық, кедендік және басқа да бақылау түрлеріне жағдай жасау жөніндегі шараларды қамтамасыз етеді;

7) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында шаруашылық, кәсіпшілік, зерттеушілік, іздестіру және өзге де қызметтің барлық түрін жүргізу тәртібін белгілейді;

8) шекаралық аймақ пен шекаралық белдеуді белгілейді;

9) шекаралық режимді, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумақтық суларының (теңізінің) және континенттік қайраңының режимін белгілейді;



10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес карантиндік белдеуді белгілеп, карантиндік режимді енгізеді; P092270

11) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауды және күзетуді қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік құжаттық актілерді шығарады;

12) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

**Ескерту. 23-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.12.19 N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **24-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құзыреті**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

##### **1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті:**

1) мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы жүйесінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді;

2) халықаралық қатынас арналарында саяси, әлеуметтік-экономикалық және қылмыстық жағдайды, сондай-ақ шектес мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қатысты болуы мүмкін дағдарысты жағдайларды талдап, болжам жасауды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзу жөніндегі қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу жүргізеді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында ұсталған адамдардың құқық бұзуының мән-жайларын анықтауға және тексеруге, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік тәртіппен де қатысады;

4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету мен қорғауды тікелей қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне оралымды басшылықты жүзеге асырады;

5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

##### **2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:**

1) Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтуге құқық беретін құжаттарды ресімдейді;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің басшылығына Қазақстан Республикасына қатысты шектес мемлекеттердің шекара және виза саясатындағы, басқа мемлекеттердегі мемлекеттік шекара арқылы өту тәртібіндегі өзгерістер туралы, шектес мемлекеттермен мемлекеттік шекараны делимитациялау мен демаркациялаудың жүргізілуі туралы хабарлап отырады;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің шекаралық өкілдері реттемеген жанжалдарды дипломатиялық тәртіппен шешеді;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2-1. Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыруды және оларға жеке куәлік пен паспорт беруді жүзеге асыратын уәкілетті орган Қазақстан Республикасы азаматтарының ұрлатқан, жоғалтқан жеке куәліктері мен паспорттары бойынша деректер қорын қалыптастырады және олар туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне хабарлайды, сондай-ақ осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды орындайды.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

1) Қазақстанда үнемі тұрмайтын Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға шекаралық аймаққа кіруге құқық беретін құжаттарды ресімдейді;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен бірлесіп, шекаралық тәртіп ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді ;

3) Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аудандарындағы құқық тәртібінің жай-күйі, тұрғылықты жерінен белгісіз мән-жайларда кетіп қалған адамдар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне қатысты құқыққа қарсы ниеттері бар қылмысты топтар мен адамдар туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне хабарлап отырады;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын және оның тәртібін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі тәртіпті бұзған адамдарды іздестіруде, Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік шекарасында азаматтар жасаған құқық бұзушылықтың мән-жайларын анықтау мен тексеруде жәрдемдеседі;

5) туындаған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, шекара бұзушыларды шекарада іздестіру, шектес мемлекеттер азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағына қарулы басып кіруіне немесе жаппай өтуіне тойтарыс беру кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің ұсынуы бойынша шекаралық аймақтағы (өңірдегі) жекелеген жер учаскелеріне немесе объектілерге Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың баруын уақытша шектейді немесе баруына тыйым салады;

6) Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аудандарының халқына құқықтық тәрбие беруге қатысады, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында және ол арқылы өткізу пункттерінде құқық бұзушылықтың алдын алуды жүзеге асырады;

7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-1. Көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, Қазақстан Республикасы көлік кешенінің қызметін үйлестіру мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі бақылаушы органдарға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде жәрдемдеседі, сондай-ақ осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды орындайды.

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін күзетуді және қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының күзеті мен қорғанысына қатысуын қамтамасыз етеді;

3) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасының кеден органдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өтетін адамдарға, көлік құралдарына, жүктер мен

тауарларға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бақылау жасауды жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету мен қорғауды, оның тәртібін және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің, Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен континенттік қайраңының тәртібін қамтамасыз етуге жәрдем көрсетеді.

**Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.07.10 N 338, өзгерту енгізілді - 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.12.19 N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **25-бап. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің негізгі құқықтары**

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері:

Мемлекеттік шекарадан заңсыз өтіп кету қаупі туған кезде немесе заңсыз өтіп кеткен кезде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде және Қазақстан Республикасынан тыс әуе кеңістігінде әуе кемелері мен басқа да ұшу аппараттарын тану үшін әскерлердегі құралдарды пайдалануға;

қажет болған жағдайларда белгіленген тәртіп бойынша әуе кеңістігінде жағдайды анықтау және мемлекеттік шекарадан заңсыз өтудің алдын алу немесе тыйым салу жөнінде шаралар қолдану үшін қарулы күштердің басқа түрлері мен мемлекеттік органдардың күштері мен құралдарын тартуға;

Мемлекеттік шекарадан заңсыз өтіп кету қаупі туған кезде әуе кемелері мен басқа да ұшу аппараттарының Қазақстанның әуе кеңістігінің жекелеген аудандарында ұшуына толық тыйым салуға немесе оны шектеуге;

Мемлекеттік шекарадан заңсыз өткен және Қазақстанның әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзған әуе кемелері мен басқа да ұшу аппараттарын Қазақстан Республикасының аумағына қондыру жөнінде шаралар қолдануға;

Мемлекеттік шекарадан заңсыз өткен әуе кемелері мен басқа да ұшу аппараттары экипаждары мүшелерінің шекарадан заңсыз өтіп кету мән-жайларын анықтау және, егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмеген болса, оларды анықтау және тергеу органдарына беру үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бөлімшелеріне немесе өзге де жерлерге шақыруға;

Мемлекеттік шекараны бұзушылардың ұшуына тыйым салуға құқылы.

**Ескерту. 25-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338 Заңымен.**

## **26-бап. Заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы мәселелері бойынша міндеттері**

Заңды тұлғалар, олардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштеріне, кеден органдарына және басқа да мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуге көмек көрсетуге, олардың заңды талаптарын орындауға, оларға қажетті ақпарат беруге құқылы.

**Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338 Заңымен.**

## **27-бап. Азаматтардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы мәселелері бойынша міндеттері мен құқықтары**

Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының белгіленген тәртібін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің тәртібін, Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен континенттік қайраңының тәртіптерін, сондай-ақ шекаралық тәртіпті сақтауға және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі мен осы тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асыратын органдардың заңды талаптарын орындауға және оларға осы міндеттерді орындауда жәрдем көрсетуге міндетті.

Қазақстан Республикасының азаматтары шекараны күзету жөніндегі ерікті жасақтардың құрамында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің штаттан тыс қызметкерлері ретінде және басқа түрлерде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуге еріктілік негізінде қатыса алады. Азаматтарды Қазақстан Республикасының шекарасын күзетуге тартуды Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі белгілейді.

Шекаралық аймақ пен өңірде және Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектейтін нормалар міндетті түрде жариялануға тиіс.

**Ескерту. 27-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338, 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **28-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, кеден және басқа органдарының, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетудегі өзара іс-қимылы**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы мәселелері бойынша бақылауды жүзеге асырушы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік

комитетінің Шекара қызметі, кеден және басқа органдары шет мемлекеттердің тиісті органдарымен мемлекеттік органдар деңгейінде жасалған және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында негізделген келісімдерінде белгіленетін тәртіп бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастырып, жүзеге асырады.

**Ескерту. 28-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338 Заңымен.**

## **7. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАСЫН КҮЗЕТУГЕ ҚАТЫСУШЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕН БАСҚА ДА АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫЛЫҚ ЖАҒЫНАН ҚОРҒАЛУЫ**

### **29-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуге қатысушы әскери қызметшілердің құқылық жағынан қорғалуы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың әскери қызметшілері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету жөнінде өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде мемлекеттік өкімет өкілдері болып табылады. Олардың талаптарын азаматтар мен лауазымды адамдар орындауға міндетті.

Әскери қызметшінің талаптарына бағынбау, оған тіл тигізу, қарсылық көрсету, әскери қызметшіге қоқан-лоққы жасау, оған күш қолдану немесе оның өміріне, денсаулығына, мүлкіне қол сұғу, сондай-ақ әскери қызметшінің өзіне жүктелген міндеттерді орындауына бөгет жасайтын басқа да әрекеттер заңда белгіленген жауапқа тартылады.

Қазақстан Республикасының заңдарында әскери қызметші қызмет борышын атқаруына байланысты жасалған қылмысты қол сұғулардан әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің өмірін, денсаулығын, намысын, қадір-қасиетін және мүлкін құқылық жағынан қорғау белгіленеді.

**Ескерту. 29-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338 Заңымен.**

### **30-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуге қатысушы азаматтардың құқылық жағынан қорғалуы**

Мемлекеттік шекараны күзетуде азаматтардың Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне жәрдемдесуіне байланысты азаматтар мен олардың отбасы мүшелері жөнінде құқыққа қарсы әрекеттер жасау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапқа тартылады.

## **8. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАСЫН КҮЗЕТУ КЕЗІНДЕ ҚАРУДЫ, ҰРЫС ТЕХНИКАСЫН ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ**

### **31-бап. Қару мен ұрыс техникасын қолдану**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуді жүзеге асырушы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері қару мен ұрыс техникасын:

Қазақстан Республикасының аумағына қарулы шабуыл жасауға және қарулы басуға тойтарыс беру, Мемлекеттік шекарада қарулы арандатуға тыйым салу үшін;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштеріне қарулы шабуыл жасауға тойтарыс беру үшін;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өткен және қарулы қарсылық көрсеткен адамдарға, теңіз (өзен) кемелеріне, әуеде ұшу аппараттарына қарсы;

әуе және теңіз (өзен) кемелерін айдап әкетуге жол бермеу үшін;

Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі қызмет міндеттерін немесе қоғамдық борышын орындап жүрген әскери қызметшілерге, басқа да адамдарға жасалған шабуылға, олардың өміріне тікелей қатер төнген кезде оған тойтарыс беру үшін;

азаматтарды олардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін шабуылдан қорғау, сондай-ақ кепілге алынғандарды босату үшін;

тоқтату не бағытты өзгерту жөніндегі талаптарды орындамаған жағдайда көлік құралдарын зақымдау арқылы оларды тоқтату үшін қолданады.

Қарулы басып кіруге тойтарыс беру үшін, тұтқиылдан қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен кезде, ұрыс техникасын пайдаланып шабуыл жасаған кезде, ұсталған адамдардың тартып алынған қарумен қашып кетуі кезінде қару ескертусіз қолданылуы мүмкін.

Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген басқа реттерде қару қолданардың алдында оны қолдану ниеті туралы ескерту жасалуға және ескерту мақсатында оқ атылуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету кезінде қажет болған жағдайларда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қаруы мен ұрыс техникасы қолданылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери қызметшілері Мемлекеттік шекараны күзету жөнінде қызмет атқарған кезде дабыл белгісін беру немесе көмек шақыру үшін қару қолдануға құқылы.

**Ескерту. 31-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338, 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **32-бап. Арнаулы құралдарды қолдану**

Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі міндеттерін орындаған кезде әскери қызметшілер қол кісендерін, резина таяқтар, көзден жас ағызатын және пайдалануға рұқсат етілген басқа да заттарды (газдарды), алаңдатушы әсер ететін жарық-дыбыс құрылғыларын, көлікті зорлап тоқтатуға арналған құрылғыларды қолдануға, сондай-ақ күрестің жауынгерлік тәсілдерін және қызмет иттерін пайдалануға құқылы. Арнаулы құралдарды қолдану мен пайдалану белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

## **9. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАСЫ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢДАРЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ**

### **33-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы заңдардың бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Қазақстан Республикасының азаматы, шетелдік және азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың әскери қызметшілерінен өз құқықтары мен бостандықтарын шектеу жөнінде түсіндірме алуға құқығы бар. Қазақстан Республикасы азаматының, шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның заңды құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда тиісті лауазымды адам Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бұл құқықтарды қалпына келтіруге, келтірілген залалды өтеуге міндетті.

**Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.07.15. N 31-1 Заңымен.**

**Ескерту. 33-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338 Заңымен.**



## **10. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАСЫН КҮЗЕТУДІ РЕСУРСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

### **34-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауды қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауды қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 34-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.12.22. N 327 Заңымен.

Ескерту. 34-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338 Заңымен, бап жаңа редакцияда - 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

### **35-бап. <\*>**

Ескерту. 35-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.12.19. N 11 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **36-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасы заңдарының сақталуын қадағалау**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасы заңдарының дәл және бірыңғай қолданылуын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен ол уәкілеттік берген прокурорлар жүзеге асырады.

Ескерту. 36-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338 Заңымен.

Қ а з а қ с т а н  
Президенті

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң